

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ

ӘОЖ [51+004]:378.096

М.С.Мәлібекова¹, Қ.Е.Кервенев²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

КЕЛЕШЕК МАМАННЫҢ АҚПАРАТТЫ ЗЕРТТЕЙ БІЛУ МЕН АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА

В статье рассматривается вопрос о важности изучения информации и информационной культуры будущих специалистов. Перечислены структурные уровни информационной культуры специалиста. Приведены примеры научных исследований ученых по данному вопросу. Применительно к учебному процессу указаны современные информационные средства обучения. Авторами дается анализ квалификационной характеристики на примере подготовки студентов по специальности 050109 — Математика.

In article it is considered questions on importance of studying of the information and information culture of the future experts. Structural levels of information culture of the expert are listed. Examples of scientific researches of scientists on this point in question are resulted. With reference to educational process modern information tutorials are specified. The analysis of the qualifying characteristic on an example of preparation of experts 050109 — Mathematics is given.

Жас жеткіншектердің қазіргі жағдайда қалыптасуы күрт өзгеріс заманға сәйкес болуда. Әлеуметтік және экономикалық қатынастардың жаңа легімен бірге адам білімінің басты бөлігі ретінде экологиялық және ақпараттық білім қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқу моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы тиіс. Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс» [1], — деп атап көрсетуіне сай, қазіргі қоғамдағы ақпараттану жағдайында келешек маманның ақпаратты зерттей білуі мен ақпараттық мәдениетін қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына, оларды пайдалану қабілеттілігін жетілдіруде ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Бүгінде ақпараттық технологиялар саласының заманауи жетістіктерінің негізінде білім беруді ақпараттандырудың озық тенденциялары байқалуда. Ақпараттандыру проблемалары ашық білім берудің объективті заңды сипаттамасы болып отыр.

Компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде әр елдің тұрғындары планетамыздың кез келген нүктесінен нақты уақыт мезетінде де бір-бірімен ақпарат алмаса алады. Н.Винердің «Нақты өмір сүру — дұрыс ақпаратты қолданып өмір сүру» деген тұжырымы осы уақытқа сай айтылғандай.

Кәсіби салаға ақпараттың қарқынды әсері жағдайында әр келешек маман ақпараттың кез келген түрімен жеткілікті дәрежеде жетік жұмыс істей алуы: оны алу, жинақтау, сақтау, кодтау және бұрынғы негізінде жаңа сапалы ақпарат алу, оны тасымалдау және практикалық қолдана білуі қажет. Ақпаратты зерттеу және ол жөнінде мәліметтерді білу келешек маманға жоғары деңгейде біліктілік, білімді құрылымды ету үшін берік фундамент жасайды, дереу өзгеріп отырған өмірде бағытты анықтау мүмкіндіктерін беріп, кез келген қызмет саласын оңай игеуіне жағдай туғызады, өзінің кәсіби қызметі мәселелеріне ауқымды көзқарас тудыруға ықпалын тигізеді.

Әр адамның компьютерлік сауаттылығы мен дербес компьютерді практикалық қолдану тәжірибесі болуы қажет екені баршаға мәлім.

Көптеген зерттеушілер (С.Г.Антонова, М.Г.Вохрышева, И.И.Горлова [2–4]) мамандардың ақпараттық мәдениеті мен оны зерттей білуінде екі құрылымдық деңгейді бөліп көрсетуге болатынын айтады. Олар мазмұнды және функционалды.

Мазмұнды деңгей адамның мәдени саласына қатысты ақпарат көздерін білу, өз санасының ақпараттық-мәдени өрісіне қоғам айналымындағы құнды идеяларды енгізу және кәсіби білімі жөніндегі ақпараттандырылған болуды қамтиды. Ол жоғары оқу орындарында оқылатын пәндер жиынтығымен анықталады. Жүргізілетін пәндерді анықтауда жүйе болуы қажет екенін білеміз. Олардың өзара интегралды байланысы ескеріліп, нақты белгіленген міндеттерді атқару блоктарға бөлумен анықталады. Блоктардың тиімді қатынасы жалпы білім беру мен кәсіби даярлықты гармоникалық реттелуіне әкеледі. Қазіргі кредиттік технология бойынша жоғары оқу орындарының бағдарламаларын талдауда келесі циклдарды бөлетіні мәлім: Жалпы білім беру пәндері (ЖБП); Базалық пәндер (БП); Кәсіптену пәндері (КП), олар өз ішінде міндетті және таңдау бойынша компонент болып жоспарланады.

Бұл пәндер циклы мамандарға өз қызмет сферасында шектеліп қана қоймай, интегралды тенденциялардың даму мен өздігінше «әмбебап ақпаратты-мәдениетін» қалыптастыруға жағдай жасайды. Оның өзгеріп отырған жағдайларға байланысты бейімділігін, икемділігін, өзінің кәсіби міндеттерінен тыс функциялар орындай алуына мүмкіндік береді [3].

Осы мәселені ары қарай жалғастыра отырып, америка социологы Д.Янкелович қоғамның қазіргі даму кезеңін «тұлғаның өзін-өзі іске асыруы» және адам мақсаты бірінші орынға шығып, өзін-өзі жетілдіруі негізгі орында екенін атап көрсетеді. Белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру, субъектінің спецификасын ескеретін барлық процестердің белсенді мүшесі болатын келешек маманның ақпараттық мәдениетін жетілдірудің гуманитарлық аспектісін күшейтуге алғы шарт болатыны айғақ.

Осы технология бойынша оқыту, И.С.Якиманскаяның айтуы бойынша, студенттер программалық материалдарды тек меңгеріп қана қоймайды, сонымен қоса олардың танымдық қызметін ұйымдастыруды да көздейді. Басқаша айтқанда, студенттер оқу пәндерін ғана емес, метабілімді де меңгерулері қажет. Бұрынғы оқушы — қазіргі студенттердің метабілімдерінің болмауы ғалымдар мен практик-педагогтарды алаңдатады. Г.Л.Смолян және К.Б.Шошников [5] жазғандай, «мамандыққа үйрету белгілі деп есептелінеді, атап айтқанда, олар: оқу курстарының барлығы, практикалық және лабораториялық жұмыстар, мотивациялық даярлық және т.б. Алайда жеке меңгерулеріне бағытталған интегралдық қызмет схемасы да, жоспары да жоқ».

Мамандар үшін жаңа білімді жүйелі және саналы іздеуге бағыттарды анықтау ақпаратты зерттеу мен ақпараттық мәдениетінің функционалды деңгейін қалыптастыру мәселесіне терең үңілуге әкеледі. Білім алушылардың ақпаратты зерттей білуі мен ақпараттық мәдениетінің функционалды деңгейі тұлғаның оперативті бағытына байланысты. Функционалды деңгейі келешек маманға қажетті келесідей біліктілікті жетілдіруді көздейді: керекті ақпаратты ала білу; ақпараттың қайнар көздерін іздеудің тиімді жолдарын табу; қайнар көздердің қажеттісін алып, талдай білу; алынған ақпараттарды рационалды қолдана білу; өзінің ақпараттық қажеттіліктерін қалыптастыра және ақпараттық мүмкіндіктерін адекватты анықтай білу.

Мамандарды дайындаудың сапалы деңгейін арттыруда осындай және тағы да басқа біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру тиімсіз уақытты қысқартады, оперативтілігін арттырады, ақпарат пен білім алудың дәлдігі мен толықтығын анықтайды. Осы негізде оқу үрдісіне қолдануға қатысты басты роль атқаратын қазіргі ақпараттық оқу құралдары:

- құрамында электрондық оқулықтар, тренажерлер, лабораториялық практикумдар компьютерлік оқу бағдарламалары мен үйретуші бағдарламалар;
- оптикалық дисктерде, видеотехникаларда, дербес компьютерлерде қолданыспен құрылған мультимедиа технология базаларындағы үйретуші жүйелер;
- әр түрлі пән аймағында қолданылатын интеллектуалды және үйретуші эксперттік жүйелер;
- білім саласы бойынша үлестірілген берілгендер базасы.

Оқу барысында құрамында электронды пошта, телеконференциялар, локалды және аймақтық байланыс желілері бар қазіргі телекоммуникациялар, орталықтандырылған және үлестірілген баспа жүйелері, электронды кітапханалар басты орында болуы керек.

Алайда жаңа ақпараттық технологиялар мен оқу құралдарын пайдалану маман дайындауда нақты пәндік бағыттан ажыратылмауы тиіс.

Нақты физикалық құбылыстарды компьютермен, электронды модельдік бейнелеулермен ауыстыру мүмкін емес. Ақпаратты қолдануға ыңғайлы жағдайлар болғанда ғана, ақпараттық орта тиімді болады. Ал ол үшін маман мен ақпараттық жүйе арақатынасында қолайлы жағдайлар жасалуы қажет. Сонымен, кез келген процесті тудыру үшін қызмет жүйесіне негізгі компонент болып адам факторы енеді. Бұл факторды оқып-үйрену маманның ақпаратты зерттей білуі мен ақпараттық мәдениетінің мазмұндық және функционалдық деңгейде негізделуімен тікелей байланысты.

Компьютерлік технологияның әр жерге таралуына байланысты барлық маман өкілдері компьютерді жетік білуі талап етіледі. Ақпаратты қабылдау мен өңдеу, оны басқару шараларын шешуде қолдану және жүзеге асыру, оның нәтижесін тексеру және болжам жасау мәселелері негізгі талап болып табылады. Бұл жағдайда сигналдар түрінде түскен ақпараттарды мамандар еске сақтап, түсініп өңдеу үшін, ұзақ уақыт назарын аудару үшін жедел еске сақтау мен логикалық ойлау қабілетінің болуы қажет.

Сигналдар қабылданып, қажетті әрекеттер мен манипуляциялар жасалуы үшін көзбен көріп қабылдаудың да маңызы зор. Таныс жүйемен ұзақ уақыт жұмыс істеу үшін қандай да бір эмоционалдық төзімділік талап етіледі.

Қазіргі маман тек өз мамандығы бойынша білімдермен шектеліп қана қоймай, заман талабына сай кәсіпкерлік қызмет негіздерімен де таныс болуы керек.

Адамдармен жұмыс істеу негізінен олардың арасындағы өзара қатынастар, ақпарат алмасу мен пікірлесулеріне байланысты. Сондықтан маман өзінің кәсіби функциясын орындау барысында өзара түсіністікке жету, келісімдерге келе білу жоғары тиімді еңбектің кепілі болып табылады.

Аталмыш мәселе төңірегінде 050109 — «Математика» мамандығы бойынша бітіруші түлектердің квалификациялық сипаттамаларына талдау жасап, келешек маманның келесі түрдегі кәсіби мақсат-міндеттерін атап өтуді жөн көрдік.

050109 — «Математика» мамандығы бойынша бітірген түлекке «математика бакалавры» академиялық дәрежесі беріліп, түлектердің біліктігі және лауазымдары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 21.11.2002 ж. № 273-П бұйрығымен бекітілген «Жетекшілердің, мамандардың және басқа да қызметкерлердің біліктілік анықтамасына» сәйкес анықталады [6].

Аталған мамандық бойынша бітіруші бакалаврдың біліктілік сипаттамасына тоқталатын болсақ, оның кәсіби қызметінің саласы:

- білім;
- ғылым.

Бітірушілердің кәсіби қызметінің объектісі:

- орта, бастауыш және орта кәсіптік оқу орындары;
- ғылыми-зерттеу орталықтары;
- мемлекеттік басқару органдары;
- өз жұмысында математикалық әдістерді қолданатын әр түрлі жеке меншік ұйымдары бола алады.

Кәсіби қызметінің пәні:

- оқу-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, педагогикалық білім беру мәселелері бойынша тәжірибелі-эксперименталды және ғылыми-зерттеушілік жұмыстар;
- алдыңғы қатарлы инновациялық технологияларды игеру және енгізу;
- жастардың кәсіби қалыптасуы, тұлғаның негізгі белгілерін тәрбиелеу және дамыту;
- оқу орындарындағы ұйымдастыру қызметтерін орындау;
- оқу-әдістемелік құжаттарын жасау;
- жастарды оқытудың әдістері мен формаларын жетілдіру.

Кәсіби қызметтің түрлері:

- білім беру;
- ғылыми-зерттеу;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- ұйымдастыру-тәрбиелеу;
- мәдени-ағартушылық.

Кәсіби қызметінің функциясы:

- жаратылыстану ғылымдардағы, техникадағы процестер және құбылыстардың математикалық үлгілерін өңдеу;

- программалық кешендерді жасау;
- білім беру саласында оқыту;
- математиканы қолданатын облыстардағы, ғылыми-зерттеу жұмыстары.

Кәсіби қызметтің типтік міндеттері:

- отандық және әлемдік стандарттың талаптарына сәйкес білім беру сапасының деңгейін арттыру;
- алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияны меңгеру және оны практикада жүзеге асыру;
- математикалық білім негіздерін, әлемді тану методологиясын, нақтылық құбылыстарын оқыту;
- ғылым әдістерінің, тәжірибелік біліктіліктерінің мазмұнын игеру;
- жалпы білім беру мен дене тәрбиесін дамытуды қамтамасыз ету;
- оқушылардың математикалық ойлауын, қабілетін және көзқарасын сомдау;
- математикалық үлгілер және табиғи ғылымдардың есептерін шешуге арналған программалық кешендерді жасау;
- математикалық үлгілер және экономикалық есептерді шешуге арналған программалық кешендерді жасау;
- ғылыми-техникалық есептерді шешуге арналған математикалық үлгілер және программалық кешендерді жасау.

Кәсіби қызметінің бағыттары: білім беру концепциясының, ғылыми-теориялық білім және кәсіби біліктіліктің талаптарын жүзеге асыру; алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені және жеке тәжірибені тарату; жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды үйрету және енгізу.

Кәсіби қызметінің мазмұны:

- нормативті міндетті психологиялық-педагогикалық, математикалық пәндерді, математиканы оқытудың әдістемелерін игеру;
- педагогикалық, басқару қызметтерінің ғылыми негізін игеру;
- педагогикалық ғылымдар және практиканың талаптары деңгейінде оқу-тәрбиелік процестерді ұйымдастыру;
- оқушы ата-аналарымен жұмыс, мектептен тыс тәрбие мекемелерімен байланыс;
- әріптестермен ғылыми және әдістемелік пікір алмасу;
- білім беруді дамыту концепциясының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру.

Оқу бітіруші түлектердің білім деңгейіне қойылатын төмендегідей талаптарын ескереміз.

Жалпы білімділікке қойылатын талаптар әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдарындағы ғылыми білімнің белгілі бір деңгейін меңгеру, педагогикалық мәселелерді талдау және шешу, әлеуметтік маңызды мәселелер мен процестерді ғылыми талдау қабілетінен, кәсіптік және әлеуметтік іс-әрекеттердің әр түрінде математикалық ғылым әдістерін қолдана білу іскерлігінен тұрады.

Әлеуметтік-этикалық құзыреттілігіне қойылатын талаптар:

- адамның адамға, қоршаған ортаға, қоғамға, арақатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды және оларды экологиялық және әлеуметтік жобаларды өңдеу барысында есепке ала білу;
- адамға қоғамдық өмірдегі нормалар мен ережелерді дұрыс орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдыларды игеру;
- танымдық мәселелерді және өз көзқарасын анықтауда өз бетімен шешу үшін жеткілікті білім деңгейін меңгеру.

Экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық құзыреттілігіне қойылатын талаптар экономикалық, психологиялық және арнаулы пәндер бойынша белгілі бір деңгейдегі ғылыми негіздері болып, оны әр түрлі мәселелерде ұйымдастыру істерінде қолданылуымен анықталады.

Кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар:

- қазіргі білім беру технологияларын пайдалана отырып, жаңа білімді ала білу;
- ғылыми негізде өз еңбегін ұйымдастыра білу;
- өзінің кәсіби қызметі шеңберінде қолданатын ақпараттарды өңдеу және сақтау, жинаудың компьютерлік әдістерін меңгеру;
- өз болашақ мамандығының әлеуметтік мәнін, өз қызметінің нақты саласын анықтайтын мәселелерін түсіну және олардың өзара байланысын білімнің біртұтас жүйесінде көру;

- кәсіби саладағы жобалық жұмысқа бейім әр түрлі құбылыстарды болжауға арналған үлгілерді құрастырып, оларды іске асыра алу;
- индивид, тұлға, қызмет субъектісі ретінде адам туралы кешенді білімінің бар болуы;
- оқыту, тәрбие беру және қарым-қатынас ортасында қолданбалы сипаттағы мәселелерді шешудегі психологиялық факторлардың ролін түсіну;
- өз мамандық шеңберінде психологиялық проблематиканы көре білу;
- логикалық, топологиялық және алгебралық құрылымдар, евклидтік емес геометриялық жүйелер, гуманитарлық зерттеулердегі математиканың ролі туралы түсініктің болуы;
- есептеу техникаларының мүмкіндіктерін білу мен кәсіби есептерді шешу үшін оларды қолдана білу тәжірибесінің болуы.

Кәсіптендіру пәндері бойынша білімділікке қойылатын талаптар:

- математиканың қарапайым есептерін зерттеуде аппаратты және әдісті дұрыс таңдай білу;
- алгоритмдеу тілдерін және программалау әдістерін білу;
- математикалық пәндердің тарихи даму тәжірибесін, математикалық білім реформалары, математиканың даму заңдылықтары мен негізгі фактілерін білу;
- математиканы оқыту әдістемесі мен теориясын, ақиқатты танудың ғылыми әдістемелерін, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды білу.

Бұл міндеттерді шешу үшін келешек маманның ақпараттық мәдени деңгейі жоғары болуы керек.

Ол келесі түрдегі білім, іскерлік және дағдылармен сипатталады.

Мамандық бойынша бакалаврдың түйінді құзыреттеріне қойылатын талаптар:

түсінігі болуы:

- әлемнің ғылыми, философиялық және діни келбеті туралы, адамзат білімінің формасының жан-жақтылығы туралы;
- Жер эволюциясындағы адамның орны және қызметінің қоршаған ортаға әсері туралы;
- Қазақстан Республикасындағы саяси процестер туралы;
- кәсіби қызметіндегі жалпыланған міндеттер туралы;

білуі керек:

- Қазақстан Республикасының заңдары мен құқықтық жүйе негіздерін;
- кәсіби қызметі шеңберіндегі құқықтық және этикалық нормаларды;
- оқыту мен дамыту арасындағы мәселелерді шешудің негізгі бағыттарын;
- оқу қызметінің құрылымы мен функцияларын, оқытуды ұйымдастыру принциптерін;
- мектептер мен бастауыш және орта кәсіби мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарының негізін;
- математикалық анализ, кешенді талдау, аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра, дифференциалдық теңдеулер, компьютерлік технология, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі сияқты математикалық пәндер негіздерін;
- негізгі математикалық ұғымдар және теоремалардың дәл тұжырымын және олардың қолданылу облысын;
- қазіргі программалау тілдерін және қолданбалы программалар пакеттерін;
- әр түрлі қызмет саласында математикалық үлгілер құру және құрылған математикалық үлгілерді іске асыруды;
- интеллектуалды меншікті қорғаудың реті мен әдістерін, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын;

істей білуі керек:

- тарихи өткен құндылықтарға қатысты сұрақтар бойынша өз көзқарасын білдіруді және негіздеуді;
- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені талдауды, жалпылауды және таратуды;
- дайындық профилі және соған жақын сұрақтар бойынша арнайы әдебиеттерді іріктей білуді және әдістемелік жұмысты;
- математиканы оқыту әдістемесін, педагогика және психология саласында негізгі зерттеу әдістері бойынша теориялық білімдерді жүйелеуді;
- есептің математикалық үлгісін зерттеу әдісі мен құралын дұрыс таңдауды;
- қиын теоремалар мен тұжырымдардың негізгі дәлелдеу кезеңдерін талдауды;

дағдысы болу керек:

- педагогикалық процесті ұйымдастыру тәсілі мен талдау;
- зерттеушілік жұмыстар;
- өзінің кәсіби қызметі шеңберінде қолданатын ақпараттарды өңдеу және сақтау, жинақтаудың компьютерлік әдістері;
- математика, математиканы оқыту әдістері, педагогика және психология сұрақтарын жетік білу керек.

Сонымен, 050109 — «Математика» мамандығының квалификациялық сипаттамаларын мысалға ала отырып, келешек мамандардың кәсіби қызметіне ақпаратты зерттей білу мен ақпараттық мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуының маңыздылығы мен оның бөлінбейтін бөлшегі ретінде талаптарына көз жеткіземіз. Бұл түйінді мәселені шешудің бірден-бір жолы ретінде ақпараттану ғылымының жетістіктерін кез келген мамандық бойынша оқылатын «Қазіргі жаратылыстану концепциясы» курсына қолдануды айтуға болады. Пәнаралық байланыс негізінде туындаған бұл ғылымның ақпаратты зерттеу мәселесіндегі жетістіктерін оқу үрдісінде қолдану келешек маманды заманауи талаптарына сай даярлауда мол мүмкіндіктер береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы / Егемен Қазақстан. — 2010. — 30 қаңт. — № 33–35.
2. Антонова С.Г. Информационная культура специалиста: Гуманитарные основания // Проблемы информационной культуры: Сб. ст. — М., 1994. — С. 110–117.
3. Вохрышева М.Г. Информационная культура в системе культурологического образования специалиста // Проблемы информационной культуры: Сб. ст. — М., 1994.
4. Горлова И.И. Формирование информационной культуры личности как непрерывный процесс в системе «Школа–училище–вуз» // Информационная культура специалиста: Гуманитарные проблемы: Межвуз. науч. конф., Краснодар–Новороссийск, 23–25 сент. 1993 г.: Тез. докл. — Краснодар, 1993. — С. 388–390.
5. Смолян Г.Л., Шошников К.Б. Феномен персональных ЭВМ: философско-методологический аспект // Вопросы философии. — 1996. — № 6. — С. 42–55.
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. — Астана, 2006. — 16-б.

ӘОЖ 371.13:[004+336.774]

Б.А.Бейсенбаева, У.И.Көпжасарова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОМПЬЮТЕРДІҢ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЖАЙЫНДА

В статье рассматривается эффективность использования мультимедийных возможностей компьютера на занятиях английского языка. Авторы подчеркивают, что использование компьютерных технологий в учебном процессе позволяет реализовать основные общедидактические методы обучения, которые используются на занятиях иностранного языка: показ, объяснение, организация тренировки, коррекция и оценка. В статье также показаны преимущества Интернета и электронных учебников в учебном процессе.

This article deals with the effectiveness of computer multimedia opportunities in English classes. The authors emphasize, that the use of computer technology in teaching process helps to realize the basic general didactic methods of teaching, which are used in foreign language classes: demonstration, explanation, trainings, correction and evaluation. The article also gives a description of advantages of Internet and electronic textbooks in teaching process.

«Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005–2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бағыттарының негізгі мақсаты халықтың барлық бөлігінің сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мақсатқа жету жолдары әлемдік стандарттар